

Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 293 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 мамырда № 105 болып тіркелді

"Жануарлар әлемін қорғау, өсіру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 10-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласының жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

3) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Н.Ергешбекке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

Шымкент қаласы әкімдігінің
2020 жылғы "18" мамыры
№ 293 қаулысына
қосымша

Шымкент қаласының балық шаруашылық су айдындарының тізбесі

№	Су айдындарының атауы	Орналасқан жері
1	Тоғыс су қоймасы	Шымкент қаласы, Айнатас ауылы
2	Бадам су қоймасы	Шымкент қаласы, Маятас ауылы
3	Текесу су қоймасы	Шымкент қаласы, Текесу ауылы
4	Ақжар су қоймасы	Шымкент қаласы, Ақтас ауылы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК